


Тайжанов Ш.Т., Амралин А.О., Қошқаров Н.Б.

Л 2009
14699 K


Топырақтану және геология негіздері



Астана 2008

Тайжанов Ш.Т., Амралин А.О., Қошқаров Н.Б.

Топырактану және геология негіздері



Астана 2008

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

Ш.Т. Тайжанов, А.О.Амралин, Н.Б. Қошқаров

Топырактану және геология негіздері

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі жоғары
оку орны студенттері үшін оқулық ретінде ұсынған

Астана - 2008

ӘОЖ: 631.4 (55) (046.8) ✓

ББК 40.3 (26.3)

Т 59 ✓

Ш.Т.Тайжанов, А.О. Амралин, Н.Б.Қошқаров

Топырактану және геология негіздері. Окулык -Астана: 2008.-352 бет.

Редакциясын басқарған: КР ҰҒА академиктері, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторлары Дүйсенбеков З.Д., Елешев Р.Е.

ISBN 9965-829-01-2

Оқулықта табиғаттың ерекше денесі, ауыл шаруашылығының негізгі өндіріс құралы-топырактың түзілуі, құрамы, қасиеттері баяндалған. Жер қыртысында кездесетін минералдар мен тау жыныстары, геологиялық үрдістер туралы мағлұматтар келтірілп, олардың топырактың түзілуіне, құрамы мен қасиеттеріне әсері сипатталған. Топырактардың негізгі типтерінің морфологиялық белгілері, басты қасиеттері және олардың жіктелуі келтірілген. Топырактың құнарлылығының қалыптасуы, өзгерістерге ұшырауы баяндалып оның үдайы өндірісін қалыптастыру және эрозиядан корғау жолдары көрсетілген.

ББК 40.(26.3)

Сын-пікіршілер:

Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы,
Ш.Үәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік
университетінің профессоры

У.М. Сағалбеков

Ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты
Қазак Ұлттық аграрлық университетінің доценті

Ж.Е.Елемесов

Ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты,
Е. Бекетов атындағы Караганды мемлекеттік
университетінің доценті

Т.К. Шаушеков

Ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты,
ҚазАТУ-дың агроэкология және арохимия
кафедрасының менгерушісі


Ү.Ж. Байдүйсен

Баспаға Қазак Ұлттық аграрлық университетінің
оку- әдістемелік кеңесі ұсынған (хаттама №8, 15.04.2008)

ISBN 9965-829-01-2

© Тайжанов Ш.Т. ж.т.б., 2008

© С.Сейфуллин ат. Қазак агротехникалық ун., 2008



Ауыл шаруашылығы саласының басты өндіріс құралы жер, оның ен үстінгі құнарлық қабаты топырак. Топырақтың құнарлылығы арқылы адамзат қауымы пайдаланатын азық-тұліктің 98 пайызы және өндіріске қажет көптеген шикізат өндіріледі. Сонымен бірге топырақ табиғаттың құрамды бөлігі, өлемдегі экологиялық жүйелердің тұрақты дамуының негізі. Сондықтан ел байлығы топырақты тиімді пайдаланып, оның ерекше қасиеттерінің сакталынуын, құнарлылығының артуын қамтамасыз ету, ластанудан, азып-тозудан қорғау өте өзекті экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселе болып саналады. Бұл мәселе ретінде онтайлы шешілуі мамандардың біліктілігімен біліміне тікелей байланысты.

Елімізде жаратылыштану ғылымдары және ауыл шаруашылығы бағытында жоғары білімді мамандар дайындаудың типтік оку жоспарларында бірнеше мамандықтар бойынша (биология, география, экология, жерге орналастыру, кадастр, агрономия, орман шаруашылығы ісі т.б.) «Топырақтану» міндетті пән ретінде ұсынылған. Міне осы мамандықтардың студенттері бұл пәнді зейін қойып игеріп, терең білім алулары керек.

Топырақтанудан мемлекеттік тілде профессор Т.Тазабековтың басшылығымен дайындалып Қазақ ұлттық аграрлық университеті баспасынан шыққан және профессор Е.Жамалбековпен доцент Р.Білдебаева дайындалап, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің баспасынан жарық көрген оку құралдары мен окулықтары бар. Бірақ, олар таралымы шамалы болып, негізінен сол университеттердің студенттерін ғана қамтамасыз етіп отыр.

Осы көрсетілген олқылықтарды ескере отырып С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті доценттері ұсынылып отырған окулықты өзірледі. Оқулық негізінен «050801-Агрономия» мамандығы бойынша РОӘК-ң 2006 жылғы 22 маусымда бекіткен «Топырақтану және геология негіздері» пәнінің типтік бағдарламасына сәйкестіре дайындалды. Оқулық үш бөлімнен қалыптасқан. Бірінші, «Геология негіздері» бөлімінде Жер шарының жаралуы, курамы, қасиеттері және геологиялық құбылыстар сипатталған. Топырақ түзілуіне, құрамымен қасиеттеріне тау жыныстарының, минералдардың, геологиялық үрдістердің ықпалы көрсетілген.

Екінші, «Жалпы топырақтану» бөлімі топырактардың құралуы, құрамы және олардың басты қасиеттерінің агрономиялық, экологиялық маңызы туралы, топырақ құнарлылығының өзгеруі және оның ұдайы өндірісін қалыптастыру жолдары жөніндс мәліметтер береді.

Үшінші, «Топырақ генезисі, географиясы және жіктелуі» бөлімінде топырақ түзуші факторларының және олардың байланысы көрсетіліп, ТМД елдерінің және Қазақстанның негізгі табиғи-климаттық аймақтарында кездесетін басты топырақ типтерінің жаратылу

ерекшеліктегіне, морфологиялық белгілерімен физикалық, химиялық қасиеттеріне сипаттама берілген. Топырақты эрозия құбылыстарынан қорғау шаралары туралы, топырақтарды агрономиялық топтарға бөлу және бонитировкалау жөнінде баяндады.

Оқулықтың дайындау барасында топырактану ғылымының негізгі теориялық қағидаларын, топырақтың жалпы қасиеттерін сипаттау үшін М.В.Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінде В.А.Ковда, Б.Г.Розановтардың басшылығымен дайындалған екі бөлімнен тұратын «Топырактану» (23) және К.А.Тимирязев атындағы Москва ауыл шаруашылығы академиясы ғалымдары И.С.Кауричев және т.б. дайындаған Топырактану (21) оқулыктарындағы мәліметтер нұсқа болды. Сонымен бірге бұл оқулық Қазақстандық студенттерге бейімделіп, еліміздің топырактарының ерекшеліктегі көрсетуді мақсат ете отырып өзірленді. Қолтеген жылдары отанымыздың көрнекті топырактанушы ғалымдарының зерттеулерінде алынған деректер топырақтардың физикалық, химиялық және басқа да қасиеттерін сипаттауда ауқымды дәрежеде колданылды. Кең байтақ елімізде кездесетін басты топырақ типтері мен типшелеріне, тектеріне толық сипаттама берілді, олардың ауыл шаруашылығында пайдалану ерекшеліктері көрсетілді. Әсіресе негізгі астық өндіруші Солтүстік Қазақстан өнірі топырактарының қасиеттерін, құнарлылығын және оны арттыру жолдарын баяндау басты назарда болды. Студенттердің жеке дайындалуына, тақырыптарды пысықтауға арнал әр бір тараудың соңында бақылау сұраптары келтірілген және оку құралының аяғында тест сұраптары берілген.

Оқулықтың I-бөлімін, III-бөлімдегі «Топырактарды агроеңірістік топтарға бөлу және бонитировкалау» тарауын ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент А.О.Амралин, III-бөлімдегі «Өзен жайылмасы топырактары», «Таулы өлкө топырактары», «Дүние жүзі жер қоры және топырактарының қысқаша сипаттамасы» тарауларын ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент Н.Б.Қошқаров дайындағы. Оқулықтың II-бөлімін және III- бөлімнің 3.1-3.11,3.14 тарауларын, тест сұраптарын ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент Ш.Т.Тайжанов дайындағы.

Осы оқулық жөнінде С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеттің егіншілік кафедрасына жолдаған пікірлерінізді, ескертпелерінізді, ұсыныстарыңызды алғыспен күп аламыз.

I - Бөлім. Геология негіздері

1.1 Геология пәні, оның мақсаты және негізгі салалары

Геология - Жердің құрылышын, құрамын, пайда болуын, даму тарихын және оның үсті мен қойнауында етіп жатқан түрлі құбылыстарды зерттейтін ғылым. Грек тілінен аударғанда «геология» - жер туралы ғылым деген мағынаны білдіреді (geo - жер, логос - ғылым). Негізінен геология Жердің үстіндегі қабатты - жер қабығын зерттейді. Жер қабығы үздіксіз өзгерістерге үшірап, дамуда болады. Сондықтан жер қабығының даму заңдылықтарын, оның құрамын, қасиеттерін жақсы зерделеп білу халық шаруашылығының көптеген салаларын ғылыми негізде, тиімді, тұракты даму бағытында жүргізу үшін аса қажет. Ауыл шаруашылығының негізгі өндіріс құралы топырақтың түзілуін, қасиеттерін, өзгерістерге үшірауды бақылап, оны үлгілі пайдалану жолдарын қалыптастыруды геология пәнін жете менгерген мамандарға жақсы жүргізе алады.

Халық шаруашылығына аса қажетті пайдалы қазбалар: мұнай, газ, көмір, құрылых материалдары, тыңайтқыштар өндіруге жарамды көндерді жер қойнауынан тауып, игілікке жаратып және адамзат қоғамына қажет түрлі ғимараттарды салу геология ғылымының заманауи жетістіктерін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Геология өте ерте заманнан басталып дамығын алғашқы ғылымдардың бірі. Казіргі заманда ол қанатын кең жайып, дамып бірнеше келесідей жеке салаларға бөлінді:

Минералогия - жер қыртысындағы минералдардың құрамын, қасиеттерін, пайда болу үрдістерін зерттейтін ғылым;

Петрография - тау жыныстарының құрамын қасиеттерін, пайда болуын зерттейтін ғылым.

Геохимия - жер қыртысының химиялық құрамын, химиялық элементтердің және олардың изотоптарының таратлуы мен жылжу заңдылығын зерттейтін ғылым.

Қазба байлық - жер қыртысындағы қазба байлыктардың пайда болу ерекшелігін, таралуын зерттейтін ғылым.

Динамикалық геология - жер қабығындағы өткен кезеңдегі және қазіргі замандағы геологиялық үрдістерді (жанартаулар, жер сілкінісі, мұхит әсері т.б.) қарастыратын ғылым.

Тарихи геология - Жер қыртысының уақыт аралығында және кеңістікте зерттеп, органикалық әлемнің жер қыртысының дамуымен байланысын анықтайды.

Палеонтология - өткен геологиялық кезеңдерде жерде болған және қазба қалдықтар ретінде сакталған жануарлар және өсімдіктер әлемін зерттейтін ғылым.

Геморфология - жер бедерін, түрлерін, пайда болуын және даму заңдылықтарын зерттейтін ғылым.

Гидрогеология - жер астындағы суларды, олардың пайда болуын, құрамы мен құбылысын, тарапалуын, олардың жер қыртысындағы механикалық және химиялық әсерін зерттейтін ғылым.

Геотектоника - жер қыртысының жылжыу және деформациясын, жердің даму үрдісінде тау жыныстарымен қарым-қатынасын зерттейтін ғылым

Геофизика - Жер шарын зерттеуге физикалық әдістер колданатын ғылым.

Геология пәні көптеген жаратылыштану ғылымдарымен байланысты. Олардың ішінде астрономия, физика, химия, география, т.б. бар. Ауыл шаруашылығы бағытындағы топырактану, ешілік, агрохимия, мелиорация пәндері геология ғылымының деректері негізінде дамып келеді.

Геология ғылымы өзінің зерттеулерінде түрлі әдістер мен тәсілдері колданады. Жер қабығының үстіндегі 10 км-ге дейінгі қабатын геологтар негізгі далалық геологиялық суретке түсіру (съёмка) әдісі арқылы жүргізеді. Бұл әдіс жыныстарының табиғи жағында терең қабаттарына дейін ашылған аумақтарында немесе кен қазылатын терең шахталар және бұрғылау арқылы жасалған ұнғылардан алынған тау жыныстарының құрамын қасиеттерін, орналасу заңдылықтарын зерттеу арқылы іске асырылады. Ал жер қабығының 10 км-ден терең қабаттарың геофизикалық әдістермен зерттейді. Ол әдістерге сейсмикалық, гравиметриялық, магнитометриялық тәсілдер жатады.

Сейсмикалық тәсілмен зерттеу тау жыныстары қабатында серпінді толқындардың тарау жылдамдығының езгерістерге ұшыраудың бақылау арқылы іске асырылады.

Гравиметриялық тәсіл жер бетінде тартылыш күшінің (гравитациялық күш) әр ауданда өзгеруін зерттеп заңдылықтарды ашуға кемектеседі. Магнит ерісінің ауытқуын әр аумакта бақылаш геологиялық құбылыстардың тау -кен жыныстарының орналасуын анықтау үшін магнитометриялық тәсіл пайдаланылады.

Жердің терең қабаттарының құрылышын, қасиеттерін зерттеу үшін өте тереңге бұрғылау (15 км –ге дейін) әдісі де колданылады.

Геология ғылымында тәжрибелер (эксперименттер) арқылы көптеген зерттеулер іске асырылады. Кейінгі кезде Жер ғаламшарын, оның құрылышын, жер қабығының ерекшеліктерін зерттеуде гарыштық технологиялар, гарыштан суретке түсіру тәсілдері кен қолданылып отыр.


1.1.1. Геология ғылымының дамуының кысқаша тарихы

Жердің шар тәрізді екенін Аристотель (384-322 б.д.д.) дәлелдеген. Геологияның аяғына тұруы XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың басына жатады. Бұл ғылымның негізін құраушылардың бірі - М.В.Ломоносов.

Прогрессивті ілімдердің дамуына ат салысқан И.Кант (1755) болды. Ол Жер мен Күн жүйесінің өзінің даму тарихы бар екенін айтты. Бұл көзқарасты Англияғалымы Д. Геттон дамытты, ол Жердің ішкі күштеріне көп көңіл аударған (плутонизм, Плутон көне римдіктерде жер астының құдайы).

Неміс ғалымы А.Г. Вернердің (1750-1817) айтуы бойынша жердің барлық құрамындағы заттар су ерітіндісінен пайда болды. (Нептунизм – теңіз құдайы). Оның ойы бойынша Жерді су басқан, сол судан біргінде гнейстер, граниттер пайда болды деген. Оны минералогияның негізін салушы ғалым деп санайды. XIX ғасырдың басында Ж.Кювьеннің апattар ілімінің (материктер теңізге бірден батып, жер бетіндегі өлген жануарлар) орына геологияда Ж.Б.Ламарктың, Ч.Лайельдің, Ч.Дарвиннің эволюциялық ілімдері пайда болды.

Эволюциялық көзқарасқа Э.Зюсс, А.П.Карпинский, В.А.Обручев, И.В.Мушкетов, А.П.Павлов, А.Е.Ферсман, А.Д.Архангельский біраз атсалықан ғалымдар.



К.И.Сетбаев қазактың алғашқы инженер-геологы
(1899-1964)

Қазақстанда XX ғасырда геология ғылымының дамуына, еліміздің жер қойнауындағы табиғи байлықтарды барлап, аса бағалы кен орындарын тауып, өндіріс орындарын ашу жұмыстарының

қаркынды журуйне қазақтың тұнғыш инженер - геолог ғалымы КСРО академиясының және Қазақ Фылым академиясының академигі, Қазақ Фылым академиясының бірінші президенті, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, геология-минералогия ғылымдарының докторы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев (1899-1964) орасан зор енбек сінірді. Қ.И.Сәтбаев баянды еңбегінің ескерткіші ретінде сонынан Үлкен Жезқазғанды, Геология ғылыми зерттеу институтын, Қазақ ғылым академиясын қалдырыды. Сонымен бірге оның қажырлы тынымсыз зор енбегінің нәтижесі ретінде Қарағанды металургия заводын, Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатын, Алтай және Қаратай көндөрінің игерілуін, Ертіс -Қарағанды каналының салынуын көреміз. Ол Қазақ Фылым академиясында 1944-1970 жылдары 1500 -ден аса ғылым кандидаттары, 150 - ге жуық ғылым докторы дайындалуына жағдай жасады. Қ.А. Сәтбаев 641 орыс тілінде 98 қазақ тілінде жазылған ғылыми еңбектер мен мақалалар дайындауды.

Аты өлемге әйгілі қазақтың данышпан геолог -ғалымы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың зор енбегі құрметіне 1979 жылы Қырым астрофизикалық обсерваториясының аға ғылыми қызыметкері Н.Черных ашқан Mars пен Юпитер аралығындағы кіші планетаға академик Қ. Сатпаев аты берілді. Ғалымның аты Жонғар Алатауындағы мұздық пен шыңға, жаңадан табылған минералға берілген.

1.2 Жердің пайда болуы, құрылышы мен құрамы

1.2.1. Әлемдік кеңістікте Жердің және Күн жүйесінің орны.

Фарыштық кеңістікте жүзделген миллион галактика бар. Олардың бірі Құс жолы галактикасы. Бұл галактика құрамында Күн жүйесі орналасқан. Күн жүйесінің ортасында Күн және оның айналасында 9 планета - Меркурий, Шолпан, Жер, Марс, Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун, Плутон бар.

Күн - диаметрі 1млн. 341 мың км болатын аса үлкен ыстық газды шар. Оның диаметрі Жер диаметрінен 109 есе үлкен. Устінгі бетінің температуrasы 6000° С, ішкі құрылышының жылулығы $20\,000\,000^{\circ}$ С. Спектр талдауының нәтижесі Күн атмосферасында Жерде белгілі элементтердің көбі кездесетінің көрсетті. Осылардың ішінде сутегі 80%, гелий - 18% алады, ал қалған элементтер 2% құрайды.

Күн әлем кеңестігіне орасан зор (өр секуннда 0,38 дж) қуат шығарады және ол секунд сайын өз салмағының 4 млн. тоннасын жоғалтады. Бірақ салмағының ете үлкен болуы себепті ол 2 млрд. жыл ішінде өзінің барлық салмағының тек қана 1/7500 белгін жоғалтқан.

Күннен бөліп шықкан қуаттың Жерге тек қана $\frac{1}{2}$ трил. 200 млн. бөлігі келіп жетеді. Бірақ осы жеткен күн энергиясы қуаты Жер

галамшарындағы тіршіліктің оңтайлы өтуіне қолайлы климатты қалыптастырады.

Физикалық-химиялық қасиеттеріне байланысты Күн жүйесінің барлық планеталарын екі топқа бөлуге болады: Күнге жақын орналасқан, жер типті планеталар (Меркурий, Шолпан, Жер, Марс) және сыртқы, Күннен алыс орналасқандар (Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун, Плутон).

Жер типті планеталардың ерекшелігі – көлемі үлкен емес, айналуы баяу және тығыздығы жоғары, ал сыртқы планеталардың көлемі – жер типті планеталарда көлемінен ондаған есе жоғары, ез осі бойынша тез айналады (Юпитердің айналу кезеңі – 9 с.50 мин) және тығыздығы төмен.

Жер галамшарының ортаса диаметрі 12756 км, оның жанында серігі Ай бар. Олардың арасы 384400 км. Айдың диаметрі жердің диаметрінен 4 есе кіші, көлемі Жердіңінен 50 есе төмен, Ай тығыздығы $3,3 \text{ г}/\text{см}^3$, оның салмағы Жер салмағының $1/82$ бөлігін құрайды. Ай тартысы Жер тартысынан 6 есе төмен, сондықтан оның атмосферасы жоқ. Ай Жерге және оның құбылыстарына әсер етеді.

Күн жүйесінің жанында оның көлемінен 10000 есе асатын аралықта бірде жүлдyz байқалмайды. Ал осы қашықтактан кейін күн жүйесіне жақын орналасқан 8 жүлдyz бар. Ен жақын жүлдyz Проксима (Альфа Центавра) – Күннен 4,2 жарық жыл аралығында орналасады. Олардың ен жарық жүлдyzдары – Сириус пен Порцион. Сириус Күннен 26 есе жарық, Порцион – 12 есе.

1.2. 2. Космогендік гипотезалар

Күн сөүлесі мен күн жүйесінің планеталарының пайда болуы туралы әр түрлі гипотезалар бар. 18 және 19 ғасырларда неміс философы И.Канттың және француз физигі П.Лапластың гипотезалары тарады. И.Канттың теориясы бойынша барлық галамшарлар құрылыған материялар, планеталар және кометалар басында шашыраған элементарлы бөлшектер түрінде болды. П.Лаплас бойынша тарапған материя тұман ретінде болған. Тұман ортасында конденсация орталықтары пайда болған, элементарлы бөлшектер бір біріне тартылып қызып айнала бастаған. Олардың ортасына күн пайда болып және айналасында планеталар қалыптасады.

Қазіргі кезде Академиктер О.Ю.Шмид пен В.Г.Фесенковтың космогендік гипотезалары көпшілікке таныс. Олардың гипотезалары бойынша күн ғарыштағы бір шаң бүлтynan өткен, сол шаң бүлттың біраз материясы күннің айналасына көшкен. Сол шаңдар тығыздальып планеталар пайда болған. Академик О.Ю.Шмидтің (1881-1956) гипотезасында Жер және басқа планеталар жүлдyzарлық метеориттік шаңды Күн тартысының аумағымен басып алудын пайда болуы туралы айттылады. Күн Жерден бұрыннырақ пайда болған. Жер

біртіндеп метеориттердің жиналудынан пайда болған. О.Ю.Шмидтің ойы бойынша Күннің қасында шаңды материя болған, солардан эволюция нәтижесінде планеталар пайда болды деп айтылады. Эволюция Күннің нақтылы қатысуымен өткен. Академик О.Ю.Шмидт гипотезасының кемістігі, Күн, өз жылжу моменті бар, метеоритті бұлтты тартып алды деген ойдың дәлелсіздігі.

Академик В.Г.Фесенковтың (1889-1972) гипотезасы бойынша Күн мен планеталар бір кезеңде газды шаңды тұмандықтардың эволюциясы арқылы пайда болған. Басында сол газды шаңды тұмандықтардың түйіртпегінен Күн пайда болды. Ол тез айналып, одан заттар бөлініп, планеталар пайда болған. Бірақ В.Г.Фесенковтың гипотезасы неге Күн салмағының 90% неге ең жеңіл элементтерден құрылады, ал Жер құрамында сол зелементтер аз мөлшерде деген сұраққа жауап бермейді.

Қазіргі көзқарас бойынша әлем бір уақытта пайда болған жок, әр жүлдіздардың жасы әр-түрлі. Фалымдардың ойы бойынша, басында Жер құрамы қабаттарға бөлінбеген және Жерің қабығы болмаған, ол мантияның дегазациясынан және балқуудынан пайда болған. Жердің өсуі біртіндеп өткен: терең қабаттар сыртқы қабаттардан бұрын пайда болған. Осы көзқарас бойынша материктер перманентті болады, гидросфера мен атмосфера кейін пайда болған. Олар мантияның балқуы мен газсыздандынан пайда болған. Гидросфера мен атмосфера тарихы күрделі және фалымдар арасында қалыптасқан пікір жоқ.

1.2.3 Жердің пішіні, физикалық қасиеттері және химиялық құрамы

Жер – күн жүйесінің басқа да планеталарына үқсаган шар тәрізді пішіні бар дene. Бірақ Жер дәл шар сияқты емес, ол полюстер жағынан сәл қысылған болады. Бұл пішінді сфероид дейді. Жерді зерттегендеге тек полюстер жағынан қысылуын ғана емес сонымен қатар жер бедерінің тегіс еместіктігі де (терен мұхиттық құламалары, ұлксен тау биіктегі) ескеріледі, Сондықтан Жердің осындағ дұрыс геометриялы емес пішінін *геоид* деп атайды.

Геофизикалық мәліметтер бойынша, Жер құрамы бір текті емес, қалындығы да әр түрлі үш ішкі сферадан құрылған: 1) Жер қабығы – 50-70км теренділікке дейін; 2) Аralық қабық немесе мантия – 2900км теренділікке дейін; 3) Жер өзегі, – 2900дан 6380 км ге дейін.

Жер қабығы (литосфера) үзілмелі су қабатымен (гидросфера) жамылған. Олардың үстінде ауа қабаты (атмосфера) орналасқан. Су және ауа қабаттары Жердің сыртқы сфералары болып есептеледі.

Жер туралы негізгі физикалық мәліметтер келесідей:

Экваторлық радиусы 6378,245км

Полюстік радиусы..... 6356,9км

Жер беті ауданы..... 510млн. км²

Жер қөлемі..... 1,08 x 10¹² км³

Жер салмағы.....	$5,975 \times 10^{27}$ т
Гидросфера салмағы.....	$1,4 \times 10^{18}$ т
Биосфера салмағы.....	$5,0 \times 10^{12}$ т
Жердің орташа тығыздығы.....	$5,52 \text{ г}/\text{см}^3$
Беткі тау жыныстардың орташа тығыздығы....	$2,7-2,8 \text{ г}/\text{см}^3$
Мұхиттардағы су мөлшері.....	1370 млн. km^3
Жердегі мұз мөлшері.....	29 млн. km^3
Өзен, көлдердегі су мөлшері.....	0,75 млн. km^3 [1].

Жердің магнитті және гравитациялық ерістері. Жердің тартыс күші экваторда төмен полостерде жоғары болады. Жердің магнитті ерістері бар.

Магнитті септелеу - жер участогінің географиялық меридианынан магнитті стрелканың ауытқу бұрышы.

Ол батысты және шығысты болуы мүмкін. Магнитті меридиан географиялықпен сәйкес келмейді, ол жердегі құрлық пен судың біркелкі таратылмаусымен байланысты болады.

Магнитті еңкейію магнитті стрелканың көкжиеекке еңкею бұрышы. Картада бірдей септелеулерді жалғастыратын сызықтарды *изогон* дейді, бірдей еңкеюлерді жалғастыратын нұктелерді *изоклин* деп атайды.

Жер бетінің кейбір жерлерінде изогон мен изоклиның бағыттары өзгереді, бұл жағдай магнитті аномалиялардың болуымен байланысты болады. Магнитті аномалиялар темірлі тау жыныстардың жер құрамында кездесуімен байланысты болады. Мысалы Курск магний аномалиясында., Соколов-Сарыбай кендері орнында.

Жер магнетизмінің элементтері өзгеріп тұрады. Олар тәулікті, жылдық және басқа да магнитті дауылдармен байланысты болады. Магнитті дауылдар жанартаулар атқылауы және жер сілкіністерімен қосарланып байқалады.

Жердің жылу қасиеттері. Жердің беткі қабатының температуралық режимін анықтайтын екі негіз бар: бірінші - Құннен алынатын жылу (99,5%); екінші - жер астынан келетін планетаның өзінің жылуы (5%). Құн сеулесі планетаны 30 м теренділікке дейін жылғады. 30 м-ден терен тұрақты температура алқабы орналасады, ол сол жердің орташа жылдық температурасына тән болады. Жердің көптеген аумақтарында жылдық орташа температурасы теріс болады, ал жердің он температурасы 250-500 теренділікте басталады. Әр бір 100 м-ге терендеген сайын жылу 3^0 С көтеріледі.

Геотермиялық градиент - бір қашықтың бірлігінде температураның өзгеруі шамасын сипаттайты, ал, *геотермиялық саты* - 1^0 Сға температура көтерілетін қашықтықты көрсетеді.

Геотермиялық саты көрсеткіші Архангельскте 10 м, Санкт Петербургта 19,6, Москва 38,4 м, Иоханесбургте – 111 м болып келеді. Егер Жердің геотермиялық сатысын 33 м деп алсақ 100 км теренділікте Жердің жылуулығы 3000^0 С болуға тиісті. Сондықтан бұл терендікте

Жер астында балқыған масса болуға тиісті. Бірақ Жердің терең қабатында қысым 3100 МПа дейін артады, сондықтан балқан массасын қатты заттар сиякты қасиеттері қалыптасады. Кейбір теориялар бойынша жер астындағы жылу радиактивті ыдырауға байланысты болады.

Жер радиobelсенділігі. Радиobelсенділік деген уран- 238, тории-232, калий- 40 сиякты радиobelсенділік элементтердің өзінен -өзі ыдырап жылу энергиясын бөлуі.

Мысалы Уран- 238 - дің 1 граммы жылына 2,97 Дж, уран -235 - 180,03 Дж қуат бөледі. Бұрын Жердің радиobelсенділігі қазіргіге қарағанда жоғарырақ болған. 4,5 млрд жыл бұрын уран 238 екі есе көп болған, сондықтан ол қуатты екі есе көбірек шыгарған.

Жердің химиялық құрамы. Нактылы тек Жер бетіндегі қабаттарды ғана зерттеуге болады. Терең қабаттардың химиялық құрамын жанама мәліметтер бойынша, сейсмологиялық тәсілдер арқылы зерттейді .

Жер қабатының 16 км терендеңкке дейінгі қабатының химиялық құрамы келесідей (%):

Оттегі	- 47
Кремний	- 29,5
Алюминий	- 8,05
Темір	- 4,05
Кальций	- 2,96
Магний	- 1,87
Натрий	- 2,50
Калий	- 2,50
Титан	- 0,45
Сүтегі	- 0,15
Фосфор	- 0,093
Көміртегі	- 0,023

Барлық басқа элементтер Жер қабығының 0,5% құрайды. Жер қабығы терендеңен сайын оның химиялық құрамы өзгереді. Темір, магний, хром, никель, кобальт мәлшері терендеңк артқан сайын молая түседі.

Бақылау сұрақтары

1. Күн жүйесінде Жердің кеңістікте орналасуы қандай?
2. Жердің пішіні, физикалық қасиеттері жөне химиялық құрамы қандай?
3. В.Г. Фесенковтың Күн мен планеталардың пайда болу гипотезасы?
4. Магнитті септелеу жөне магнитті еңкею деген не?

1.3 Жердің сыртқы және ішкі қабаттарының кұрамы

1.3.1. Жердің сыртқы қабаттары

Атмосфера – Жердің газды сферасы. Жердің сыртқы қабаттарына атмосфера, гидросфера, биосфера жатады. Кұрамында 78,08% азот, 20,95%, оттегі, 0,9% аргон, 0,03% көмір қышқыл газы бар, ал қалған 0,04% неон, гелий, су буы, шаң және басқа заттардан қаралған. Атмосфераның жоғарғы шекарасы әлі анықталмаған. Атмосфера бірнеше қабатшаларға бөлінеді: тропосфера – 8-15 км биіктікке дейін, стратосфера – 8-15 дең 100 км-ге дейін және одан ері ионосфера. Атмосфералық агенттер – күн сөүлесі, атмосфералық электр заряды, жылутылық ауытқуы, жел, атмосферада су буы - үлкен геологиялық жұмыс атқарады. Тау жыныстарының мұжілуі, мұжілген заттардың тасымалдануы және олардың шеңгі осы атмосфера агенттері ықпалымен жүреді.

Гидросфера - Жердің үзілмелі су қабығы. Құрамына мұхиттар, теңіздер, өзендер, көлдер және мұз жамылғылары жатады.

Гидросфераның негізгі бөлігін мұхиттар мен теңіздердің тұзды сулары құрайды; континенттегі тұщы сулардың көлемі барлық гидросфераның 0,3% ғана алады. Құрлықтағы барлық сулардың тұщы сулары тек 3% құрайды және оның 2/3 мұз күйінде болады. Сондықтан адамзат пайдаланатын тұщы су мөлшері тапшы болып есептеледі.

Гидросфераның жоғарғы шекарасы анық белгіленген, ол мұхит пен теңіздердің беті. Төменгі шегі құрделі, жобалап айтқанда мұхиттардың астымен сәйкестенеді. Гидросферада тұздар мөлшері 5×10^{16} т. Әлемдік мұхиттың орташа тұздылығы 3 % болады. Теңіз жер өмірінде ете маңызды агенттердің бірі. Теңіз ортасы үлкен биохимиялық фактор, үлкен тұз кені. Теңізде көптеген шегінді тау жыныстары пайда болған: әк, бор, мұнай, фосфорит, глауконит, калий тұздары. Теңіз суы көптеген тау жыныстарын ерітетін орын және депрудация факторы.

Биосфера- Жердің тірі организмдер коныстанған қабаты. Академик Вернадский В.И. биосфераны өмір аймағы деп атаған. Әр деңгейде ол атмосферада, гидросферада және жер қыртысында орналасады. Тірі организмдердің таралған төменгі шегі қысыммен және температурамен анықталады. Құрғак жерде тірі организмдер 3-4 км терендікке дейін байқалды. Ал мұхитта әр түрлі фауна 11000 км терендікте де табылған. Атмосфераның 8-10 км биіктігінде дс организмдер кездеседі.


Организмдердің құрамына 60-тан аса элементтер кіреді. Олар көбінесе O, H, C, Ca, Mg, K т.б. элементтер мен заттардан құралған. Олардың кейбір химиялық элементтердің жиынтығы ретінде маңызы бар, мысалы: шымтезек, көмір құрамында көміртек көп, екте, борда – кальций мен көміртек көп, ал фосфоритте – фосфор мол. Топырактың,

тау жыныстарының, қазба байлықтардың түзілуіне жаңуарлар мен есімдіктердің тигізген әсері өте зор.

1.3..2. Жердің ішкі қабаттары

Жер қыртысы деген Жердің сыртқы қатты қабаты. Басқа қабаттармен салыстырғанда ол ен біртексіз қабат. Устінен астына қарай ол үш қабатқа бөлінген: шөгінді, гранитті және базальтті (2 – суреттер).

Шөгінді қабат көбінесе салыстырмалы жұмсақ, кейде борпылдақ жыныстардан құралады, олар су және ауа әсерінен Жер бетінде шөгілу нәтижесінен пайда болған. Көбінесе шөгінді тау жыныстар қабатты қатпарлы болады. Олар салыстырмалы жұқа қабаттардан күрылады. Олардың тығыздығы 1-ден $2,65 \text{ г}/\text{cm}^3$ аралығында ауытқиды. Шөгінді қабаттың қалындығы біркелкі емес: ол бірнеше метрден 10-15 км-ге дейін ауытқиды. Жер бетінде шөгінді қабаты жоқ жерлер де бар.



2 – сурет. Жердің және жер қабығының күрілісі

А – жер қабығы; В және С – жоғарғы мантия; Д – төменгі мантия; Е – ядроның сыртқы белігі; F – ішкі және сыртқы ядро арасындағы өтпелі аймак; G – ішкі ядро; d – тығыздық; р – қысым. Сандармен км-мен шекара терендіктері көрсетілген.

Гранитті қабат көбінесе магмалық және метаморфты жыныстардан құралады, олардың құрамында көбінесе алюминий мен кремний кездеседі. Осы жыныстардың ішінде кремнеземнің орташа мөлшері 60% қурайды, сондыктан оларды қышыл жыныстар дейді. Бұл жыныстардың тығыздығы 2,65-ден 2,8 г/см³-ге дейін ауыткиди. Гранитті қабаттың қалындығы түркіткіш емес. Қазірті тау жоталарының астында (Памир; Альпы) олар ең қуатты қалындықта болады (50-60км). Тынық, Атлантика және Үнді мұхиттары ойпаттарының астында бұл қабат жок, немесе өте жұка болады. Сейсмикалық толқындар осы қабатты 6 км/с жылдамдылықпен өтеді.

Базальт қабаты гранит қабатының астында орналасады Қалындығы 5 км-ден 30 км-ге дейін ауыткиди. Бұл қабат физикалық қасиеттері және химиялық құрамы бойынша базальттарға жақын. Жыныстардың тығыздығы 3,32 г/см³ болады.

Жер қабығы кейбір мұхиттардың астында жұка шөгінді қабаттардан құралады және оның астында бірден 5-15 км қалындықты базальт қабаты жатады.

Жер мантисы және жер өзегі. Құрлықтардың астында 50-70км теренделікте жоғарғы мантия орналасады, жобалап айтқанда олар дунит пен перидотиттен құрылады деп жорамалдайды. Жер койнауында тұтас балқынды қабат жок. Әр түрлі қабаттарда максималды температурасы бар аймактар бар олар шала балқыған. Оны *астеносфера* деп айтады. Ядроның химиялық құрамы әлі белгісіз. Кейбір ғалымдар ядроның сыртқы қабатының химиялық құрамы силикаттарға жақын, ал ішкі қабаттары темірден құралады дейді. Баска ғалымдар ядроның химиялық құрамы мантияның құрамына жақын, ол металданған күйде болады дейді. Өте жоғары тығыздық әсерінен ($303 \cdot 10^6$ кПа) ядрода ауыр металлдар қасиеті пайда болады. Сыртқы жер өзегі-нұсқалкініске сезімділігіне байланысты сұйыктардың қасиеттері бар, бірақ қаттылығы құрыштан да жоғары және көптеген механикалық қасиеттері бойынша материяның кристаллдық күйіне сай болады.

Бакылау сұралктары

1. Жердің сыртқы сфераларына не жатады?
2. Атмосфераның құрылымын сипаттаңыз.
3. Жердің ішкі сфераларының аталуы қалай?
4. Жер қабатының құрылымы қандай?

1.4 Минералдар туралы ілім

1.4.1 Минералдар және олардың топырақ түзілуіндегі маңызы

Минерал деп тұракты химиялық құрамды, өзіне тән морфологиялық белгілері және әртүрлі физикалық қасиеттері бар табиғи денені айтамыз. Табиғи минералдардың көбі кристалдық қатты дene, кейде аморфтық күйде болады. Минералдардың басым көпшілігі қатты, сонымен қатар сұйық (мұнай, су) және газ күйінде кездеседі (көмір қышқыл газ, күкіртті сутегі).

Казіргі кезде табиғатта 2500 шамасына минералдар табылып, анықталған. Олардың ішінде бірнеше түрлері табиғатта кең таралып, тау жанастарының құрамына кіреді. Тау жыныстарын құрайтын минералдарды *тау жыныстар құруши* минералдар деп атайды. Олар екі топқа бөлінеді: бастапқы және туынды. Минералдар тау жыныстардың негізін және топырақтың қатты фазасын құрайды, олар топырақтың негізгі физикалық – механикалық, химиялық қасиеттерін анықтайды.

Топырақ массасының негізгі бөлігін минералдар алғып жатады, сондықтан олардың құрамы мен өзгерістерін топырақтардың әр түрлі қасиеттерін және әр түрлі табиғи аймақтардағы топырақ түзуілүйнің ерекшелігін білу үшін зерттеу керек. Топырактардағы минералдармен барлық бұзылу қыртысын зерттеу, топырақ пен бұзылу қыртысының магмалы және метаморфты жыныстармен аз немесе үлкен дәрежеде тектік байланысын анықтауга, жалпы бұзылу үрдістер ерекшелігін және топырақ түзуілүйн анықтауга көмек береді.

Минералдар физикалық-химиялық үрдістер нәтижесінде, жер бетінде немесе ішкі қабаттарында пайда болады. Пайда болуына байланысты минералдар бастапқы және туынды минералдар болып екі топқа бөлінеді.

Бастапқы (эндогенді) минералдар - Жер қыртысында магманың, бір-бірімен, қоршаған ортамен және жанындағы тау жыныстарымен әрекеттесіп кристалданынан пайда болады. Олар бастапқы қасиеттерін сақтап, әрі қарай өзгерістерге үщырамаган болып келеді.


Туынды (экзогенді) минералдар - жер бетінде, атмосферамен, биосферамен және гидросферамен әрекеттесіп, көбінесе бастапқы минералдардың бұзылуынан пайда болады.

1.4.2 Заттардың кристаллдық және аморфты құрылымы

Табиғатта қатты минералдар кристалды және аморфты құрылымды болып келеді. Қатты минералдардың басым көпшілігінің құрылымы кристаллды, ал аморфты құрылымды минералдар сирек кездеседі (минералдардың 2% ғана құрайды).

Кристаллды құрылымды минералдардың ұсақ белшектері (атомдар, иондар, молекулалар) реттеліп, белгілі бір зандалықпен кеңістікте

орналасқан болады, ал аморфты құрылымы бар минералдарда осы үсак бөлшектер қалай болса солай, белгілі бір зандылық сақтамай орналасқан болып келеді.




3 – сурет. Кристаллдық торлардың негізгі типтері.


а, б - атомды (а – алмаз, б – графит); в, г – ионды (в – ас тұзы, г – кремнийқышқылды тетраэдрлер торы); д – молекулалы (капрон).

Минералдардың кристаллографиялық негізгі қасиеттері: олардың дұрыс ішкі құрамы, кристаллдық торының болуы. Бұл қасиет заттардың бөлшектерінің (атом, молекулдер, иондар) бір-біріне қатынасты нақтылы орындары болуына байланысты. Элементарлы бөлшектер арасындағы аралықтар өзгермейді, сол себепті байланысты заттардың элементарлы бөлшектері кеңістікте занды түрде қайталанады және қатал дұрыс геометриялы құрылымы бар, заттың кристаллдық торын құрады. Ренгеноскопты және электронографиялық әдістермен келесі кристаллдық торлар анықталды: 1) атомды торлар (алмаз, графит, жез), заттардың атомдарының алмасуымен құрылған, 2) заттардың иондарының алмасуымен құрылатын аниондар мен катиондардың иондық торлары (галит, пирит ж.б.). 3) молекулалы торлар (курделі), олар заттар молекулаларының алмасуынан құрылады. Бұл кристаллды торлар органикалы заттарға тән болады. Заттардың кристаллды күйінде **анизотроптік** қасиеті байқалады. Бұл қасиет минералдардың, кристаллдар орналасу бағытының өзгеруіне байланысты оның қасиеттерінің де өзгеруі мен сипатталады (электр өткізу, тұсі, біріктілік, қаттылық т.б.). Мысалы слюдада, мысалы, біріктік кристаллдық тордың

түздіктеріне паралелді бағытта байқалады; түздіктерге келденен бағытта ол байқалмайды. Бірақ анизатроптігін сақтағанда кристаллдың заттардың *birtektili* де сақталады - кристаллдың бөлшегі барлық кристаллдағы қасиеттерін сактайды. Кристаллды заттар *өзінен қырланады* - дұрыс көп қырлы дене (многогранник) кристалл курайды. Мысалы кварц алты қырлы кристалл, галит – куб тәрізді, кальцит ромб тәрізді кристалл құрайды (3, 4, 5 - суреттер).



4 – сурет. Табиғи минералдардың кристаллдары.
а – кварц; б – галит; в – кальцит.



5 – сурет. Симметрия осі.


а – екінші реттік; б – ушінші реттік; в – төртінші реттік; г – алтыншы реттік; д – екінші реттің үш осі; е – төртінші реттің үш осі; ж – алты қырлы призманың симметрия остеңінің орналасуы.

Кристаллдардың симметриясы. Минералдар кристалдарында қырлы бұрыштардың турақтылығының арқасында симметрия байқалады.

Симметрия – белгілі бір бағытта айналғанда кристаллдың қырланған элементтерінің дұрыс қайталануы.

Симметрия элементтері: симметрия осі, симметрия жазықтығы және симметрия ортасы.

Симметрия осі – 360° айналғанда өзінің алғашқы қалпын сақтайтын сызық. Симметрия осі L әрпімен белгіленеді (5-сурет).




6 - сурет. Симметрияның жазықтығы және ортасы.

А – симметрия жазықтығы; б, в, г, д – симметрияда тоғыз жазықтықтың текшеде орналасуы; е – симметрия жазықтығының үш қырлы призмада орналасуы; ж – симметрия жазықтығының және ортасының болмауы.

Симметрия жазықтығы – кристаллды бірдей екі бөлікке бөлетін жазықтық. Р әрпімен белгіленеді (6 -сурет).

Симметрия ортасы – барлық диагональдар өтетін орталық нүктесі. Ол С әрпімен белгіленеді. Кристаллда симметрия ортасы бірден артық болмайды

Табиғатта симметрияның 32 түрі белгілі. Симметрияның бұл 32 түрі құрылудың қарай жеке топтарға бөлінеді, ол симметрия жүйесі немесе сингония деп аталады (7 - сурет).



7 – сурет. Кристаллдардың негізгі формалары
 а - е – кубті сингония (жоғарғы); ж-м – орташа сингония
 (гексагональды – ж, е; тригональды – з, и; тетрагональды – к, м); н-р –
 төменгі сингония (ромб тәрізді – н; моноклинді – о, п; триклинді – р).

Сингония 7 түрге бөлінеді: 1-триклинді, 2 - моноклинді, 3 - ромб тәрізді, 4 -тригональды, 5 - гексагональді, 6 - тетрагональді (квадратты), 7 - куб тәрізді.

Кристаллдардың даму дәрежесінсә және симметрия элементтің сипатына қарай сингония 3 санатқа бөлінеді: жоғары, орта және төмен.

Жоғары сингонияға куб тәрізді сингония жатады.

Орта сингонияға гексагональді, тетрагональді және тригональді топтар жатады.

Төменгі сингонияға ромб тәрізді, моноклинді және тетраклинді топтар жатады.

1.4.3. Минералдардың физикалық қасиеттері

Минералдарды зерттеп, сипаттағанда атын анықтау үшін олардың физикалық қасиеттерін зерделейді. Минералдардың физикалық қасиеттеріне оның түсі, кристаллдарының пішіні, мөлдірлігі, қаттылығы, тығыздығы, жымдастығы, бөлінуі, жылтырлығы, радиобелсенділігі және т.б. жатады.

Минералдардың кесек күйінде түсі. Минералдардың көбінің атасы олардың түсіне байланысты берілген. Мысалы, гематит гематико (грек) – қан сияқты; рубин – рубар (лат) – қызыл, альбит – альбус (лат) – ақ.

Минералдар түсі өр түрлі болуы мүмкін. Ол химиялық құрамының, құрлысының ерекшеліктеріне, олардың ішінде химиялық және механикалық қосындылар болуына байланысты, басқа қасиеттерін өзгертуелік, түсін өзгерту мүмкін. Соңықтан бір минералдың өр түрлі түсі болуы мүмкін. Мысалы, ақ, сары, жасыл, көк, қоңыр және қызыл түсті корунд болады. Онымен қатар өр түрлі минералдар бір түсті болуы мүмкін (қызылт гипс және қызылт галит). Сонымен, минералдардың түсі көбінесе түрақты белгі болып саналмайды, бірақ кейбір минералдар үшін бұл ете түрақты қасиет. Мысалы, малахиттың түсі әрқашанда жасыл, киноварь – ашық қызыл немесе акылыштың қызыл және т.с.с. Түсті жаңа сыйықта байқау керек, ейткені бұзылу өсерінен түсі өзгеруі мүмкін.

Минералдың сыйықтағы түсі (ұнтақ түсі). Минералдардың кейбіреулерінің белшекті күйінде (ұнтақта) түсі кесектегіден басқаша. Минералдың ұнтақтағы түсін анықтау үшін оны ұнтақтамай-ақ, оның сыйықтағы түсін анықтаса болады. Яғни минералдың жылтырлатылмаған фарфор пластикаға сыйықтағы түсін анықтаса болады. Мысалы, пириттың түсі қызыл – ұнтақта кара, гематит кесекте кара, ұнтақта шилелі – қызыл. Көп жағдайда сыйықтың түсі минералды анықтау үшін ете сипатты белгі, соңықтан бұл белгіге назар аудару қажет.

Мөлдірлік – жарық өткізу қасиеті. Бұл қасиетіне байланысты минералдар келесі түрлерге бөлінеді:

- Мөлдір – жарықты жақсы өткізеді (тау хрусталі, кальцит, галит), минерал арқылы басқа заттар көрінеді;
- Жартылай мөлдір – жарықты ішінана өткізеді, олар ете жіңішке пластикаларда мөлдір (опал, халцедон);
- Жарықты шала өткізетін – жарық сөүлесін сәл ғана өткізеді, олар тек қана жұқа шетінде ғана мөлдір болады (дала шпаты).
- Мөлдір емес – жарық өткізбейді (пирит, графит, магнетит).

Минералдың мөлдірлігін анықтау үшін оны жарыққа қаратып үстайды. Мөлдір минералдар арқылы жазуды окута болады, жартылай минералдар арқылы тек қана жарық көрінеді, бірақ жазу оқытмайды;

Жарықты шала өткізетін минералдарда жарық тек қана олардың жұқа шетінен ғана өтеді.

Минералдар жылтырлығы дегеніміз – минералдар бетінің әр түрлі дәрежеде жарықты шағылыштыруы. Жылтырлық металлсияқты және металлсияқты емес болып белінеді. Металлтәрізді жылтырлықта минералдар беті жаңа өндөлген металлға үқсайды. Мұндай жылтырлық элементтерде, сульфидтерде және кейбір тотықтарда болады (алтын, галенит, пирит).

Металл тәрізді емес жылтырлық келесі түрлерге белінеді.

а) алмазды - өте жарық, жылтырайды, алмаз үшкіны сияқты (сфalerит, киноварь).

б) шынылы – шыны бетінің жылтырлығы сияқты (кальций, тау хрусталі);

в) жібекті – жібек жібінің жылтырлығына үқсайды (асбест, гипс);

г) құлпырма -өр түрлі жарықта өзінің каркындығын кемпіркосақты ренінде өзгереді (слюда, тальк).

д) майлы – минералдың беті май немесе парафин жағып қойған сияқты (кварц, күкірт);

ж) құнгұрт – көмескі, минерал беті жылтырамайды.

Минерал қаттылығы – минералдардың сыртқы механикалық өсеріге қарсы түру дәрежесі. Минералдардың салыстырмалы қаттылығын бағалау үшін арнайы минералдар жинағын қолданады. Бұл минералдар жинағы Моос шкаласы деп аталады. Оның ішінде өр түрлі қаттылықты 10 минерал бар, олар 1 дең 10 дейін баллмен белгіленеді (1 – кесте). Алмаз – ең қатты минерал, ол тальктен 4000 есе қатты. Сонымен минерал қаттылығы баллмен көрсетіледі, абсолютті және салыстырмалы маңызы бар.

1- кесте Моостың қаттылық шкаласы

Қаттылық баллы	Эталонды минералдар	Химиялық формуласы	Анық қаттылық саны, кг/мм ²
1	Тальк	Mg ₃ (Si ₄ O ₁₀)(OH) ₂	2,4
2	Гипс	CaSO ₄ x 2H ₂ O	36
3	Кальцит	CaCO ₃	109
4	Флюорит	CaF ₂	189
5	Апатит	Ca ₅ (PO ₄) ₃ x (CL, F)	536
6	Ортоклаз	K(AlSi ₃ O ₈)	795
7	Кварц	SiO ₂	1120
8	Топаз	AL ₂ (SiO ₄)(P, OH) ₂	1427
9	Корунд	AL ₂ O ₃	2060
10	Алмаз	C	10060

Қаттылықты анықтау үшін берілген минералдың таза жерін Моос шкаласындағы минералдың үшкір шетімен тырнайды. Егер Моос шкаласындағы минерал берілген минералдан жұмсақ болса ол